

Қарғалы аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 маусымдағы № 470 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 маусымда № 7163 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Қарғалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қарғалы аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Қарғалы аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Қарғалы аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарғалы аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Ж. Кольжанов

Қарғалы аудандық мәслихатының хатшысы

Н. Заглядова

Қарғалы аудандық мәслихаты

2020 жылғы 3 маусымы

№ 470 шешіміне қосымша

Қарғалы аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Қарғалы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 175 " Жалдамалы және жеке тұрғын үйлерді тұтынғаны үшін жалдау құнының шығыстары жергілікті бюджетке жүктелген азаматтардың санаттарын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3753 тіркелген, 2014 жылғы 30 қаңтарда "Қарғалы" газетінде жарияланған) шешімі;

2. Қарғалы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 10 маусымдағы № 36 "Қарғалы ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу Тізілімінде № 4987 тіркелген, 2016 жылғы 15 шілдеде "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімі;

3. Қарғалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 9 тамыздағы № 375 "Қарғалы ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібін және мөлшерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6348 тіркелген, 2019 жылғы 20 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі;

4. Қарғалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 11 наурыздағы № 423 "Қарғалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 9 тамыздағы №375 "Қарғалы ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібін және мөлшерін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6871 тіркелген, 2020 жылғы 18 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі.